

Алматы қаласы  
Білім басқармасының  
«№98 жалпы білім беретін  
мектеп» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі



Коммунальное  
государственное учреждение  
«Общеобразовательная школа  
№98» Управления образования  
города Алматы

Алматы қ.,  
Тәтібеков қ.,89  
тел: 243-50-17

г.Алматы,  
ул.Татибекова, 89  
тел: 243-50-17

Бұйрық № 105  
«16» 03 2026 ж.

Приказ № 105  
«16» 03 2026 г.

**2025-2026 оқу жылына арналған тамақтандыру  
сапасына мониторинг жүргізу комиссиясының  
жұмысын ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 желтоқсан «№949 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» қаулысы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығының №10 қосымшасы негізінде

"Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына сәйкес 2025-2026 оқу жылы балаларды тамақтандыру сапасын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025-2026 оқу жылына арналған тамақтандыру сапасына мониторинг (бракераж) жүргізу бойынша келесі құрамдағы комиссияның жұмысын ұйымдастыруды:

2. Комиссия мүшелері:

Комиссия төрайымы - № 98 ЖББ мектеп директоры А. Новикс

**Комиссия мүшелері :**

Төлеген Н.Б. - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Смагулова А.А.- мектептің бас есепшісі

Ерсін Ә.Н - әлеуметтік педагог

Заирова Г.В - кәсіподақ ұйымының төрайымы

Ахметкалиева А.Н - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының м.а

Жумагулова Г.Н- мектеп медбикесі

Надырова Н.В.- 3 "г" сынып ата-анасы

Наврузова Э.С.-2 "б" сынып ата-анасы

2.1. комиссияның бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес оқушыларды тамақтандыру сапасына мониторинг жүргізілсін;

2.2. интернет-ресурсқа комиссияның жұмыс қорытындылары туралы ақпарат орналастырылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

Директор



А. Новикс

Алматы қаласы Білім басқармасы  
«№98 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына байланысты тамақтандыру сапасына мониторинг жүргізу комиссия отырысының хаттамасы.

«18» 03 2026 ж.

№ 5 Хаттама

**Қатысқан комиссия мүшелері:**

Комиссия төрайымы - № 98 ЖББ мектеп директоры А. Новикс

**Комиссия мүшелері :**

Төлеген Н.Б. - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Смагулова А.А.- мектептің бас есепшісі

Ерсін Ә.Н - әлеуметтік педагог

Заирова Г.В - кәсіподақ ұйымының төрайымы

Ахметкалиева А.Н - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының м.а

Жумагулова Г.Н- мектеп медбикесі

Надырова Н.В.- 3 “г” сынып ата-анасы

Наврузова Э.С.-2 “б” сынып ата-анасы

**Күн тәртібінде қаралған мәселелер:**

Асхананың санитариялық-гигиеналық жағдайы, ас мәзірінің орындалуы, тағам сапасы мен мөлшерінің белгіленген нормаларға сәйкестігі, оқушыларды ыстық тамақпен қамту және тамақтану кестесінің сақталуы.

Тағамдардың шығу мөлшері бекітілген нормаларға сәйкес келеді. Дайын тағамдардың сапасы қанағаттанарлық, дәмдік қасиеттері сақталған. Асхананың санитариялық жағдайы талапқа сай. Өнімдердің жарамдылық мерзімі мен сақтау шарттары сақталған. Жалпы ыстық тамақпен қамтылған оқушылар саны – 440 оқушы, оның ішінде: 1–4 сынып оқушылары – 402, әлеуметтік осал санаттағы оқушылар – 28, арендатор есебінен ыстық тамақпен қамтамасыз етілгені – 10. Оқушылар бекітілген тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануда.

**Шешімі:**

Мектеп асханасының жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын. Ас мәзірінің орындалуы, тағам сапасы мен санитариялық талаптардың сақталуы тұрақты бақылауда ұсталсын. Оқушыларды ыстық тамақпен қамту және бекітілген тамақтану кестесінің сақталуы қамтамасыз етілсін.

Директор



А. Новикс

## АКТ

### КММ № 98 ЖББ мектеп асханасында тамақтандыру сапасына ай сайынғы мониторинг жөніндегі комиссияның тексеруі.

«18» Наурыз 2026 ж

#### Тексеріс мақсаты :

Мектеп асханасына мониторинг жүргізудің негізгі мақсаты – оқушыларға сапалы және қауіпсіз тамақ ұсынылуын тексеру. Асхананың санитариялық-гигиеналық жағдайы, тағам дайындау технологиясы және персоналдың жеке және өндірістік гигиенасы бағаланды. Бекітілген перспективалық және күнделікті ас мәзірінің талаптарға сәйкестігі тексерілді. Тағамдардың порция мөлшері мен химиялық құрамы бақылауға алынды. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылу деңгейі және тамақтану кестесіне сәйкестігі тексерілді. Әлеуметтік осал санаттағы оқушылардың тегін немесе жеңілдетілген тамақпен қамтылуы бақыланды. Тағам өнімдерінің сақтау шарттары, температуралық және ылғалдық режимдері тексерілді. Асхана құрал-жабдықтары мен ыдыс-аяқтардың санитариялық талаптарға сәйкестігі қаралды.

#### Тексеру қорытындысы:

Тексеру барысында асхана таза, бүгінгі тамақ мәзірге сәйкес, тамақ дәмді, бақылау ыдысындағы тамақтар жас ерекшеліктері бойынша салынған:

- Паста Болонье – 200/220/250 г
- Какао на молоке – 200/200/200 г
- Қарабидай-бидай наны – 20/35/40 г

Мониторинг барысында оқушылар бекітілген кестеге сәйкес тамақтанатыны, тағам сапасы қанағаттанарлық, порция мөлшері және құрамы стандартқа сәйкес. Асхана қызметкерлері жеке гигиенаны сақтайды. Өнімдер тоңазытқыш, қойма және мұздатқыш камераларда дұрыс температуралық-ылғалдық режимде сақталады. Тағамдардың жарамдылық мерзімдері мен сапасын растайтын құжаттар бар. Бракераж комиссиясы барлық санитарлық талаптардың орындалуын бақылады. Тексеру қорытындысы бойынша мектеп асханасының жұмысы қанағаттанарлық деп бағаланды.

#### Комиссия мүшелері:

1. Комиссия төрайымы - № 98 ЖББ мектеп директоры А.Новикс
2. Төлеген Н.Б - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
3. Смагулова А.А.- мектептің бас есепшісі
4. Еркін Ә.Н - әлеуметтік педагог
5. Заирова Г.В - кәсіподақ ұйымының төрайымы
6. Ахметкалиева А.Н - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының м.а
7. Жумагулова Г.Н- мектеп медбикесі
8. Надырова Н.В.- 3 “г” сынып ата-анасы
9. Наврузова Э.С.-2 “б” сынып ата-анасы



Алматы қаласы  
Білім басқармасының  
«№98 жалпы білім беретін  
мектеп» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі



Коммунальное  
государственное учреждение  
«Общеобразовательная школа  
№98» Управления образования  
города Алматы

Алматы қ.,  
Тәтібеков к.,89  
тел: 243-50-17

г.Алматы,  
ул.Татибекова, 89  
тел: 243-50-17

Бұйрық № 109  
«19» 03 2026 ж.

Приказ № 109  
«19» 03 2026 г.

**«Мектеп асханасының ыстық тамақты ұйымдастыру  
қорытындысы туралы»**

**I**

2025-2026 оқу жылында «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу- тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хатына сәйкес мектеп директорының 2026 жылғы 19 ақпандағы №84 «Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру» бұйрығы, 2026 жылғы 16 наурыздағы №105 «Тамақтандыру сапасына мониторинг жүргізу комиссиясының жұмысын ұйымдастыру туралы» бұйрығы негізінде 18 наурыз 2026 жылы мектеп асханасының ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыруын ата-аналар қоғамдастығымен бірлесе бақылау ұйымдастырылды.

**II**

Тексеру қорытындысы бойынша: Бракераж комиссия мүшелері азық-түліктердің сапасын және оқушылардың ыстық тамақты ішуін ұйымдастыру, асхананың санитарлық жағдайын қадағалады. Тексеріс барысында асханада белгіленген кестеге сәйкес оқушылар тамақтану уақытын сақтайды. Арнайы бірыңғай ұсынылған пресективалық ас мәзірі және күн сайынғы ас мәзірі талапқа сәйкес. Астарды тоңазытқыштарда, қоймаларда, мұздатқыш камераларда сақтаудың температуралық-ылғалдық режимі қадағаланды. Ас үлесінің мәзірге сәйкестігі тексерілді. Асхана қызметкерлері тыйым салынған өнімдерді тағам дайындауда қолданбады. Қолданылған ыдыс- аяқтың санитарлық талаптарға сәйкестігі бақыланды. Жуу ережелері бақыланды.

Тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімдері және оларды сақтау шарттары өндіруші белгілеген жарамдылық мерзімдеріне сәйкес келеді. Тамақ өнімінің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттары бар.

Балаларды тамақтандырудың негізгі рационы бекітілген ас мәзіріне сай келеді. Онда тағамның құрамына кіретін тағамдар есебі, массасы мен граммы туралы мәлімет бар. Асхана жұмыскерлері жеке және өндірістік гигиенаны сақтайды.

Тексеру қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Директор



А. Новикс

## АНЫҚТАМА

### Мектеп асханасының санитарлық-эпидемиологиялық жағдайын тексеру қорытындысы

Анықтама мектеп асханасының санитарлық-гигиеналық жағдайын, тамақ өнімдерінің сапасын, оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін тексеру нәтижесін растайтын құжат ретінде берілді. Тексеру барысында басшылыққа алынған критерийлер: асханаға жеткізілген тағам өнімдерінің сапасы, балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру, қабылданатын өнімдердің сақтау шарттары, дайындау технологиясы, дайын тағамның сапасы және ас блогының санитарлық-гигиеналық жағдайы. Мониторинг мектеп директорының 2026 жылғы 19 ақпандағы №84 «Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру» бұйрығы, 2026 жылғы 16 наурыздағы №105 «Тамақтандыру сапасына мониторинг жүргізу комиссиясының жұмысын ұйымдастыру туралы» бұйрығы негізінде 18 наурыз 2026 жылы мектеп асханасының ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыруын ата-аналар қоғамдастығымен бірлесе бақылау ұйымдастырылды.

Асхана Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығының 7-тарау талаптарына сәйкес жұмыс жасайды. Мониторинг барысында асханадағы санитарлық-гигиеналық жағдай, құрал-жабдықтардың тазалығы, тамақ дайындау технологиясының сақталуы, қызметкерлердің жеке және өндірістік гигиенасы бағаланды.

Асхана санитариялық тораптарда сұйық сабын, дезинфекциялық құралдар және электрлі қол сүлгілермен толық жабдықталған. Перспективалық және күнделікті ас мәзірі жасалып, оқушылардың жас ерекшелігі мен асханада болу ұзақтығы ескерілді. Мәзір витаминдік-минералдық кешенмен байытылған және балансталған тағамдардан тұрады.

Асхана қызметкерлері оқушыларға қызмет көрсетуде униформа, қолғап және медициналық маска пайдаланады. Қызмет көрсету құралдары маркировкамен белгіленген. Азық-түліктердің сақтау орны мен сапасы талапқа сай, тоңазытқыштар мен қоймаларда температуралық-ылғалдық режим бақылауда.

Асханаға жеткізілген барлық тағам өнімдерінің жарамдылық мерзімі тексерілді. Тез бұзылатын өнімдер – ет, сүт, қаймақ және басқа да өнімдер – төмен температуралы тоңазытқыштарда сақталады. Асхана медбикесі органолептикалық бақылау жүргізіп, тағамдардың сапасын және порциялардың көлемін бракераж журналына тіркейді.

Тексеру барысында ас мәзірінің әр тағамы бойынша порция мөлшері, тағамның дайындалу тәсілі және сапасы бақылауға алынды. Шикі өнімдердің жарамдылығы, тыйым салынған тағамдарды қолданбау, тағамдардың химиялық және биологиялық қауіпсіздік стандарттарына сәйкестігі расталды.

Асхана ішіндегі желдету және ауа баптау жүйелері үздіксіз жұмыс істейді. Су, қол жуғыштар, сабын және электрлі қол сүлгілер үнемі қолданыста. Асхана ішіндегі санитарлық жағдай жарық және тазалық талаптарына сай. Технологиялық құралдар мен тазалықты сақтау жабдықтары дұрыс жұмыс істейді.

Бракераж комиссиясы асханадағы тағам дайындау процесін, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын, оқушыларды ыстық тағаммен қамтамасыз етуді және бюджет қаражатының мақсатты жұмсалуды қадағалайды. Мониторинг барысында кемшіліктер анықталған жоқ.

Қорытындылай келе, мектеп асханасының санитарлық-эпидемиологиялық жағдайы талаптарға сай, тамақ өнімдері сапалы, оқушыларға қауіпсіз ыстық тағам ұсынылуы қамтамасыз етілген. Асхана жұмысын жалғастыруға болады. Барлық шаралар мен бақылаулар тұрақты негізде жүргізіледі.

Анықтама жазған әлеуметтік педагог :



Ерсін Ә.Н

Күні: 19.03.2026ж